

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 14 қарашадағы № ДС-392

Құрметті депутаттар!

Сіздердің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін (бұдан әрі - ТЖКБ) дамыту мәселелері бойынша сауалдарыңызға келесіні хабарлаймыз.

Ауылдық колледждер жанынан шетелдік оқу орындарының филиалдарын ашу туралы

Шетелдік жетекші оқу орындарымен және компаниялармен ынтымақтастықты дамыту ТЖКБ жүйесін дамытудағы басымдықтардың бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы жұмыс тобы ТЖКБ-ны трансформациялау жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) әзірлеуде, онда ауыл шаруашылығы саласын қоса алғанда, даярлаудың әртүрлі бейіндері және филиалдар ашу бойынша ТЖКБ ұйымдарының шетелдік колледждермен стратегиялық әріптестігін дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралар көзделеді.

Заңнамаға Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік оқу орындарын және (немесе) олардың филиалдарын құру жөніндегі тиісті түзетулер белгіленген тәртіппен Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Колледжде оқу кезінде студенттердің өндірісте практикадан өту кезеңін 60 пайызға дейін жеткізу туралы

Заңнамаға сәйкес колледждер ТЖКБ-нің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, кәсіптік стандарттарының талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді. Бұл ретте серіктестермен келісу бойынша кәсіптік практика көлемі (мамандықтың

ерекшелігіне, өңірдің ерекшеліктеріне байланысты) базалық, кәсіптік модульдер көлемінің 60 %-ына дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Сондай-ақ техникалық, технологиялық және аграрлық бағыттар бойынша жұмысшы кадрларды даярлауда дуальды оқыту қарқынды дамып келеді.

Бұл ретте кадрларды даярлау және дуальды оқыту кезінде практиканы күшейту жұмысы нысаналы тапсырысты, әріптестік пен қамқоршылықты кеңейтуді, бизнес-қоғамдастық пен инвесторлардың қатысу рөлін арттыруды ескере отырып, Жол картасы шеңберінде жалғастырылатын болады.

Анықтама: 2024-2025 оқу жылында республикада дуальды оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын 103,8 мың студентті (28%) қамти отырып, 9,1 мыңнан астам кәсіпорынның қатысуымен 552 колледжде енгізілді.

Ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша дуальды оқыту 144 колледжде 699 кәсіпорынның қатысуымен және мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 8,4 мың адамды (48%) қамти отырып енгізілді.

Колледждерді оңтайландыру және колледж педагогтерінің жалақысын арттыру туралы

2024 жылы ТЖКБ ұйымдарына жүргізілген түгендеудің қорытындысы бойынша 195 колледж (119 мемлекеттік, 76 жекеменшік) бейіндеуден өтті, бұл кадрларды даярлау бағыттары бойынша оңтайландыруды да көздейді.

2020 жылдан 2023 жылға дейін ТЖКБ ұйымдары педагогтерінің жалақысы 2 есеге өсті (жыл сайын 25%-ға, 252019 жылғы 170599 теңгеден 2023 жылы 323501 теңгеге дейін).

Анықтама: Педагогтер:

1) біліктілік санаттары үшін лауазымдық жалақының 30%-дан 50%-на дейін (Ұлттық білім беру деректер базасына сәйкес 12,7 мың педагог немесе жалпы санының 30 %-ы);

2) дәптерлерді тексергені үшін БЛЖ-дан 40%, топ жетекшілігі үшін – 50%, жалпы білім беретін пәндерді ағылшын тілінде жүргізгені үшін – 200%-ға дейін қосымша ақы алады.

2025 жылға дейін өндірістен 1,5 мың маманды (арнайы пәндер оқытушылары мен шеберлер) тарту жоспарлануда, оның ішінде 2024 жылы 380 маман тартылды, оларға жұмыс өтіліне байланысты («педагог-модератор» және «педагог-сарапшы») 35%-ға дейінгі мөлшерде қосымша ақылар белгіленді.

Қазіргі уақытта жұмыс тобы кадрларды даярлау сапасын арттыруды ынталандыруға, колледждердің халықаралық салалық кәсіптік қоғамдастықтардың талаптарына (салалық аккредиттеу) сәйкестігін бағалау рәсімінен өтуіне, дуальды оқытуға, шетелдік ұйымдармен стратегиялық әріптестікті дамытуға баса назар аудара отырып, ТЖКБ жүйесін сараланған қаржыландыру тәсілдерін әзірледі.

Осы мақсатта ТЖКБ-ны жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) жан басына шаққандағы норматив мөлшерін екі есеге ұлғайтуды көздейтін өзгерістер енгізілді (орта есеппен 2024-2025 оқу жылындағы 437 мың теңгеден 2025-2026 оқу жылында 913 мың теңгеге дейін).

Анықтама: Әдістеме педагогтердің лауазымдық жалақыларына жоғарылатушы коэффициентті қосуды, дуальды оқытуға, демоемтиханға арналған шығыстарды, мамандандырылған жабдықты пайдалануды, сондай-ақ оқу шығыстарының нормаларын ұлғайтуды, экологиялық коэффициентті, салықтар төлеуді, педагогтердің апталық

жүктемесін қайта қарауды көздейді.

Сондай-ақ жан басына шаққандағы нормативтің ұлғаюы жекеменшік ТЖКБ ұйымдары педагогтері жалақыларының мөлшерін мемлекеттік колледждер педагогтерінің еңбекақысы деңгейімен теңестіруге мүмкіндік береді. Шамамен 149,9 млрд теңге сомасындағы тиісті шығыстар Республикалық бюджет комиссиясының ағымдағы жылғы 9 желтоқсандағы отырысында қолдау тапты.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Н. Байбазаров